**Қызылтөбе селолық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері туралы**

***Күшін жойған***

Мұнайлы ауданы мәслихатының 2009 жылғы 8 мамырдағы № 15/165 шешімі. Мұнайлы ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 9 маусымда № 11-7-49 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 30/309 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 20.03.2015 № 30/309(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 8, 11 баптарына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қызылтөбе селолық округі бойынша бағалық аймақтарға бөлу шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері №№ 1,2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы Н. Кенджикараев

Аудандық мәслихат хатшысы Б. Назар

«КЕЛІСІЛДІ»
«Мұнайлы аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының м.а. С. Тұрмағамбетов.
8 мамыр 2009 жыл.

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 8 мамырдағы № 15/165 шешіміне 1 қосымша

Ескерту: 1 қосымша қағаз нұсқада.

Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 8 мамырдағы № 15/165 шешіміне 2 қосымша

## Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкасына түзету коэффициенттері және Қызылтөбе селолық округі жер аймақтарының сипаттамасы

| **Аймақтар № №** | **Аймаққа енетін аумақтар** | **Бағалық аймақ бойынша коэффициенттер** |
|---|---|---|
| 1 | Селибеттік аймақ (Ескі Қызылтөбе және Қызылтөбе -2) | 2,0 |
| 2 | Өндірістік аймақ | 1,8 |
| 3 | Селибеттік аймақ (жаңа құрылыс) | 1,6 |
| 4 | Босалқы аймақ | 1,4 |

## Аймақтардың сипаты

**1-ші аймақ –** селибеттік, бұл жерде жеке тұрғын үй құрылыстар, соның ішінде негізгі әкімшілік ғимараттар, жалпы білім беретін мектептер, мәдениет үйі, байланыс үйі, кітапхана, емхана, мешіт, ұсақ дүкендер желісі, кафелер, мейрамханалар шоғырланған. Тұрғын массивтеріне газ, электр жүйесі жүргізілген, телефон байланысы бар.

**2-ші аймақ -** өнеркәсіптік жерлері енетін, өндірістік жерлер.

**3-ші аймақ –** селибеттік, тұрғын массивтер кіретін, жеке тұрғын құрылыстарының жерлері.

**4-ші аймақ -** босалқы аумақ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК